МИРАС

Адамзаттың алыбына арналған айтыс

Нұр-Сұлтан қаласында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған алғашқы аламан айтыс мәреге жетті. Nur Otan партиясының қолдауымен, Мәдениет және спорт министрлігінің және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Адамзаттың алыбы – хакім Абай» деген атпен өткен жыр жекпе-жегінде елімізге танымал 16 ақын бақ сынады.

Суреттерді түсірген ***Ерлан ОМАР,*** *«ЕQ»*

Майгүл СҰЛТАН,
«Egemen Qazaqstan»

Айтыстың шымылдығын ашқан Халықаралық жыршы-термешілер және айтыс ақындары одағының төрағасы Жүрсін Ерман бірқатар жаңа ережелерді атап өтті. Атап айтқанда, бұл жолғы жыр додасында ақындардың жұбы алдын ала анықталмаған. Оларды көрермен сол сәтте жеребе суыру арқылы жұптастырып отырды. Сондықтан да айтыскерлердің тапқырлығы мен суырыпсалмалығы бұрынғыдан бірнеше есе сынға түскені анық. Бұған қоса қазылар алқасы қатысушылардың өнерін дәстүрлі балдық жүйемен емес, көк түсті түймешікті басу арқылы бағалап, әр жұптың біреуін ғана келесі кезеңге өткізіп отырды.

Жиналған жұрттың таңдауымен, ең алдымен ақтөбелік Марат Ахметов пен шығысқазақстандық Әсем Ережеқызы ұлы ойшылдың рухани мұрасын жырға қосса, елордалық Еркебұлан Қайназаров пен ақтөбелік Ершат Қайболдин сөз сайысын жалғастырды. Үшінші жұп болып сахнаға шыққан алматылық Болатбек Оразбаев пен Қызылорданың шайыры Мейірбек Сұлтанхан өлеңсүйер қауымның делебесін одан сайын қоздырса, бірін-бірі қалжыңмен қағытқан атыраулық Шалқарбай Ізбасаров пен Шымқаладан келген Нұрлан Есенқұлов көрерменді күлкіге қарық қылды. Қыз бен жігіт айтысын жасаған «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшісі, ақын Рауан Қайдаров пен Сыр елінен келген Нұрзат Қару да әдебиеттің алыбын жырларына арқау етті. Айтыстың алтыншы жұбы қарағандылық Айтбай Жұмағұлов пен қызылордалық Мұхтар Ниязов та аянып қалған жоқ. Екі дүркін «Алтын домбыраның» иесі атанған Мұхтар Ниязов авариядан түскеніне қарамастан, Абайдың тойына аманесен жеткеніне шүкіршілік ете отырып, өзі жырлағандай «арыстан жал ақындардың» айбатын көрсетті. Жетінші жеребеде жұптасқан павлодарлық Аспанбек Шұғатаев пен қарағандылық Тілеген Әділов Абай ғақлияларын жаңа ғасырмен ұштастыра жырласа, Шығыстың қос ақыны Рүстем Қайыртай мен Серік Қуанғанұлы айтыстың алғашқы айналымын қорытындылады. Қазылар алқасының шешімімен екінші айналымға өткен 8 ақынның ішінен алғашқы айналымда үздік өнер көрсеткен төртеуі таңдалып алынып, бірден финалда өнер көрсетті. Нақтырақ айтқанда, шешуші кезеңде Мұхтар Ниязов пен Серік Қуанғанұлы айтысса, Еркебұлан Қайназаров пен Мейірбек Сұлтанхан тартысқа толы жыр сайысын өткізді.

Сөйтіп жыр жекпе-жегінде жер апшысын қуырған кіл жүйріктердің өнерін көрермен жұрт 8 сағат бойы тырп етпестен тамсана тамашалады. Бәрі де әдебиет алыбы Абайдың жауһар жырын термелеп, терең толғамдарына бойлай білді, ұлы ойшылдың ұлағатты ойын бүгінгі қоғаммен байланыстырып, елдік мүдде мен бекем бірліктің баянды болуын тіледі.

Қазылар алқасының төрағасы, ақын Несіпбек Айтұлы айтыстың жоғары деңгейде өткенін айтып, айтыскерлерге алғысын жеткізді. «Ұлы Абайдың рухына арналған бұл айтыс бүкіл халықтың жүрегінен шықты. Абайдың қасиеті, қадірі, оның әлемдегі, әдебиеттегі, тарихтағы орны ақындарының аузынан жақсы айтылды», деді ол.

Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені (3 млн теңге) тап бермеде тартымды өнер көрсеткен Мұхтар Ниязов жеңіп алды. Бірінші орынды (2 млн теңге) Мейірбек Сұлтанхан иеленсе, екінші орынды (1 млн теңге) Еркебұлан Қайназаров пен Серік Қуанғанұлы еншіледі. Үшінші орын (500 мың теңге) Рауан Қайдаров, Тілеген Әділов және Әсем Ережеқызына бұйырды. Айтыстың арнайы жүлдесін (300 мың теңге) Нұрлан Есенқұлов алса, Е.Қайболдин, Ш.Ізбасаров, М.Ахметов, Н.Қару, Б.Оразбаев, А.Жұмағұлов, А.Шұғатаев, Р.Қайыртай қатарлы 8 ақынға шыттандыру сыйлығы берілді.

Айтысты жүргізген ақын Жүрсін Ерман бұл дода адамзаттың алыбы – хакім Абайға арналған биылғы алғашқы айтыс екенін атап өтті. Аталған айтысқа арналған баспасөз мәслихатында да осыны айтқан Nur Otan партиясы саяси жұмыс департаментінің директоры Ерлан Қарабалаев: «2020 жылы елімізде әртүрлі деңгейдегі 80-ге жуық ақындар айтысы өтеді деп жоспарлануда. Оның үшеуі халықаралық, 21-і республикалық деңгейде болмақ. Сондай-ақ 21-і Абайдың 175 жылдық мерейтойына, үшеуі әл-Фарабидің 1150 жылдығына, ал бесеуі Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналады», деген болатын.

ӨНЕР

«Ақ әжелердің» концерті

Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен елордалық Достық үйі сахнасында Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай «Ақ әжелер» ансамблі жеке шығармашылық кешін өткізді.

«Ақ әжелер» ансамблінің жетекшісі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Жалғас Кеңесов көрермендерге алғысын білдіріп, ансамбльдің құрылу тарихына қысқаша тоқтала кетті.

«Қазақтың ұлттық өнерін дәріптеу мақсатында ансамбль 2012 жылы елорда төрінде құрылды. Кезінде бірі дәрігер, бірі мұғалім болған шамамен 30 шақты әже өнерлерін ортаға салуда. Болашаққа жоспарларымыз өте көп. Солардың бірі, Ақмола облысы аймақтарын аралап, концерттік бағдарламамызды барша халыққа арнау болмақ. Ел тарихына маңызды жылы кішкене де болсын үлес қосу басты міндетіміз еді. Осыған байланысты, «Аналар аманаты» көрме-залында шығармашылығымызды елорда тұрғындарына сыйлауға септігін тигізген Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясына және ұлттық өнерді бағалап келген үлкен-кішіге алғысымыз шексіз», – дейді Ж.Кеңесов.

Концертте «Ақ әжелер» ансамблі көрермендерге классикалық және қазақ композиторларының әндерімен қатар, халық әндерін тарту етті. Ал ансамбль мүшелерінің жеке орындауындағы Абайдың қара сөздері мен домбырамен сүйемелденген жыр-термелер тыңдармандардың құлақ құрышын қандырды. Әрбір шығармашылық нөмірге зор қошеметін аямаған көрермендер әдемі кештен көтеріңкі көңіл күйде тарқасты.

«Егемен-ақпарат»

БӘРЕКЕЛДІ!

Ақылтаевтың ақылды «балалары»

Кеншілер астанасындағы мектептердің бірінің қарапайым мұғалімі Дулат Ақылтаев ақылды машиналарға арналған «Қыз қуу» және «Теңге алу» ойындарын жасап шығарды.

Қайрат ӘБІЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

Аталған жобалардың шағын тұсаукесері қалалық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен өтті. Осы шараға арнайы жиылған мамандар ұлттық ат спорты ойындарын тақырып ете отырып жасалған қуыршақ роботтарға жоғары баға беріп, екі жобаны алдағы уақытта болатын «RoboLand-2020» халықаралық фестивалінің бағдарламасына енгізді.

«Қыз қуу» және «Теңге алу» ойындары оқушы балалардың үлкен қызығушылығын тудырды. Мысалы, кішкентай арба мінген жігіт-робот жолында қаз-қатар тізілген жүлделі түйіншіктерді әжептәуір жылдамдықпен келіп бірінен соң бірін іліп әкетеді. Ал қазақтың ұлттық киіміне малынған қыз-робот басына бөрік, үстіне бешпент киген жігіт-роботтан қаша жөнеледі. Егер қуғыншы жетіп алса, робот «сұлудың» бетінен сүймейді екен, бар болғаны «аттан» түсіріп кете барады.

«Бұл жобаларды жүзеге асыруға тоғыз айдай уақытым кетті. Әлі де болса жетілдіре түсетін тұстары бар. Алдағы уақытта роботтарға арналған «Көкпар» ойыны жобасын жасауды ойластырып жүрмін», дейді №34 орта мектептің ақпарат және робот техникасы пәнінің мұғалімі Дулат Ақылтаев.

Ақылтаев жасаған ақылды машиналардың болашағы жарқын дегенді айтады мамандар. Ал «RoboLand-2020» халықаралық фестивалі – ұлттық нақыштағы жобаның бағын ашар үлкен мүмкіндік.

ҚАРАҒАНДЫ

ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

«Әлем үздігі» атағынан үміткер

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Жуырда Нұр-Сұлтан қаласында өткен «IESO-2020» халықаралық олимпиадасының іріктеу кезеңінде Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Әлішер Алтынбасов геологиядан жоғары нәтиже көрсетіп, олимпиаданың II орын иегері атанды. Енді ол жазғы демалыста Ресей Федерациясының Түмен қаласында өтетін білім байқауында ел намысын қорғайтын болады.

Ел астанасында өткен сайыста Әлішермен бірге осы мектепте оқитын Гүлдана Сәбитова мен Нұрдәулет Қонысбаев жер туралы ғылым бойынша үздік білімдерімен ерекшеленіп, II және III орындардан көрінді.

– Барлық тапсырмалар ағылшын тілінде болды. Олимпиадада біз Назарбаев Университетінің ғалымдарымен кездесіп, кәсіби бағдар алдық. Болашақта өмірімді геологиямен байланыстырғым келеді, – дейді олимпиада жеңімпазы.

Байқауға ел өңірлерінен 100-ге жуық оқушы жиналыпты. Олар геология, геофизика, метеорология, мұхиттану және астрономия пәндерінен күрделі тапсырмалар орындады. Бірінші орындарды иеленген дарындылардан Қазақстан құрамасы жасақталып, халықаралық сайыста ел намысын қорғайтын болады.

IESO – әлемдегі ең беделді олимпиаданың бірі. Осыған дейін Корея, Италия, Испания, Бразилия, Жапония және Францияда өткен білім сайысы биыл Ресейде ұйымдастырылады.

ҚЫЗЫЛОРДА

ҚАЗ ҚАЛПЫНДА

Ағаш аяқ келін

Қазіргі жастар бақытты. Ата-анасы қарызданып, қауғаланып тойын жасап береді. Той болғанда қандай?! Түрлі тағам қойылған дастарқанда құстың сүтінен басқаның бәрі бар.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Ұлттық дәстүр де түрленіп келеді. Жағдайы толайым жетіп тұрған той иесі қанша қымбат болса да өнерпаздарды мұрнынан тізіп шақырады-ақ. Ең қызығы беташар. Түнеукүні тонның ішкі бауындай араласатын ағайынның бірі кенжесін үйлендірді. Барын киіп, байлауын таққан тоқ жұрт. Сәл кештетіп келдік. Оқасы жоқ, біздің Көкшетауда шақырған уақыттан екі-үш сағат кешігіп келе береді. Осы уақытқа дейін айтылған сағатында басталған тойды көрмеппін.

Бұл жолы да солай болды. Пәленшекең келмей жатыр, түгеншекең жол үстінде екен деген хабар еміс-еміс жетіп жатыр. Әлдекімдерді сарыла тостық. Қонақтың дені жиналған. Шыдамымыз таусыла бастаған кезде беташар басталды. Айтпақшы, сексенінші жылдары Көкшетауда беташар сирек айтылатын. Тіпті бет ашатын әнші таба алмай апалақтағандарды талай көргенбіз. Қазір тәп-тәуір жөнделіп қалды. Екінің бірі болмаса да, домбырасын сабалап бет ашып беретін өнерпаз толып жатыр және өздері тойға жиналған ағайынды нағашы, жиен, әріптес деген сияқты топтопқа бөліп, есімдерін қағазға жазып алып, айтып шығады. Аты аталып тұрған соң табаққа теңге салмау ұят. Ұялғандарынан ұлттық валютаның бірер теңгесін тастап, парызынан құтылады. Әуірімдеп табақ толады. Әншінің де көңілі тоқ.

Міне, беташар басталды. Әуелі атасын таныстырған. Шамасы ескі мәтін болуы керек, «кеудесіне орден таққан» деп бір қойды. Біздің білуімізде той иесі орден түгіл медаль тақпаған жан еді. Рас, ел қатарлы жұмыс істейді. Қайын енесін таныстырғанда да қағыс кетті.

Келін қарағым иіліп сәлем бермеді. Тіпті мезіретін де жасаған жоқ.

– Мынаның аяғы ағаш құсап қатып қалыпты ғой, – деді ауылдан келген жеңгесі, – тіпті басын да иген жоқ!

– Шаруаң қанша, жастар өз білгенін істей берсін, – деп жанында тұрған апай басу айтты.

– Осы келіннің түскеніне төрт-бес ай болып қалды-ау деймін. Енді беташар айтып тұрғаны несі?! – деді бір апай.

– Жайыңа тұр, – деді екіншісі, – дәстүріміз емес пе?..

– Негізі беташарды келін босағадан аттаған сәтте, осыдан бес ай бұрын өткізген дұрыс еді, – деді жігіт ағасы, – сонда әлдеқайда жарасымды болар еді.

Бұл кезде әнші жігіт ашы ішектей жұбатылған беташарын айтып болып қалып еді. Ендігі дау жайпақ табаққа шүпілдей толған ақшаны кімнің алатындығы туралы дауға жалғасты.

– Жастарға беру керек! – деді бір білгіш, – үйлену тойларына сыйлық.

– Әнші алу керек, – деді екіншісі, – атам заманнан солай. Бұрынғылар ат мінгізіп, атан жетектеткен. Еңбегі бар емес пе?!

Тойдың шырқы басталмай жатып бұзылды. Шынында да қалай еді өзі, қап! Бет ашамыз деп жүріп...

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН

Бас редактордың орынбасарлары
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ
Думан АНАШ
Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
Оралхан ДӘУІТ

Мәдениет және руханият бөлімі
Мирас АСАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҮНІС

Интернет-редакция бөлімі
Бекен ҚОНЫС

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтанда – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген.
Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**
ТАРАЛЫМЫ 185 720 дана

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Нөмірдің кезекші редакторы
Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ